

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажиліс Парламента
«__» _____ 20 __ года

2024 жылғы 3 сәуірде жарияланды

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
О.А.Бектеновке

Депутаттық сауал

Құрметті Олжас Абайұлы!

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында өнеркәсіп саласында «жоғары деңгейде өңделген өнім шығаратын кластер құру керек» деп атап өтті.

Біз минералдық ресурстар қоры бойынша ондықтың қатарында (ТОП-10) болсақ да, осы күнге дейін шикізатты экспорттаймыз.

Бұған екі минерал алюминий мен мыс мысал болады.

Боксит – глинозем – алюминий тізбегінде: глиноземнің үштен екісі экспортталады, үштен бірінен 250 мың тонна бастапқы алюминий өндіріледі және тек 20 % дайын өнімге өңделеді, яғни сымдар, кабельдер, жылыту радиаторлары шығарылады. Он жылдан астам уақыт бойы ERG барлық глиноземді алюминийге айналдыруға уәде берді, бірақ ештеңе өзгермейді.

Мыс бойынша жағдай одан да жаман: 2023 жылы Қазақстанда 720 мың тонна мыс өндірілді. Біздің еліміз катодты мыс пен жартылай фабрикаттарды Қытай Халық Республикасына, Түркияға экспорттайды, олар катодты мыстан жасалған дайын өнімдерді кабельдер, мыс сымдар, электротехникалық өнімдер түрінде Қазақстанға сатады.

Нәтижесінде, дайын өнімнің миллиардтаған долларымен есептелетін үлкен қосымша құн осы елдерде орналасады.

Көршілес Өзбекстан жылына 290 мың тонна катодты мыс өндіреді.

Өзбекстанда мыс экспортына тек d-8мм кабель немесе созбасым сияқты дайын өнім түрінде рұқсат етіледі, біздің көршілеріміз 3000-нан астам кабельдік және басқа да дайын өнімдерді шығарады.

Түркия Қазақстанда катодты мыс сатып алып, басқа елдерге миллиардтаған долларлық сымдарды, профильдерді және мыс фольганы экспорттайды.

Сонымен қатар, әлемдік экономика құрылымындағы өзгерістерге байланысты әлемдік нарықтарда мыс сым, кабель және т. б. сияқты дайын мыс өнімдеріне қажеттілік артып келеді.

«Өнеркәсіптік саясат туралы» Заңға сәйкес дайын өнімді өндіретін зауыттарды бастапқы металдармен қамтамасыз ету кепілдігі көзделген.

AMANAT фракциясы Президент Тоқаевтың тапсырмаларына сәйкес Қазақстанда шұғыл түрде жоғары деңгейде өңделген өнім шығаруға көшу қажет деп санайды.

Сонымен бірге:

Үкімет жанындағы инвестициялық штабта:

- өндірілген барлық алюминий тотығын алюминийге қайта өңдеу;
- терең өңдеу технологиялары бар кәсіпорындарды тарту.

- халықаралық сапа стандарттарына сай келетін кабельдік және электротехникалық өнімдер өндіретін зауыттардың құрылысы кіретін мыс пен алюминийді терең өңдеу кешендерін құру бойынша шаралар кешенін қарау;

Өнім өндіруші зауыттардан мамандарды шақыру арқылы Қазақстанда білікті кадрларды даярлауды бастау.

Қазақстандық қамту үлесіне 70-тен 90 %-ға дейін жеткізу қажет деп санаймыз.

Құрметпен,

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаттары**

**Е. Саиров
Ү.Шапақ
Е.Бейсенбаев**

*орынд. Г. Нығматулина
тел.74-64-08*